



**ЭСТАФЕТАЛЫҚ
ОЙЫНДАР
КАРТОТЕКАСЫ**

Эстафеталық ойындар.

«Доп кімде?» №1

Шарты: балалар шеңбер жасап тұрады. Қолдарын арттарына ұстап тұрады. Бірінші ойыншы қолына допты алып, шеңберді айналып жүріп, байқатпай бір баланың қолына салады да, доп кімде? - деп сұрайды. Балалар доп кімде екендігін тауып айтуы керек. Доп кімде екендігін тапқан бала жеңімпаз болады.

«Секіргіш» №2

Шарты: Ойыншылар белгіленген орыннан секіргішпен. Секіріп айналып келіп, екінші ойыншыға секіргішті береді. Ойын арғарай жалғасады, қай топ бірінші аяқтаса сол топ жеңіске жетеді





Эстафеталық ойындар.

«Кім жылдам» жарысы N3

Шарты: Үрленген шармен кедергілер арасымен секіріп белгіленген межеден айналып келеміз. Бірінші жеткен топ осы бөлімнің жеңімпазы атанады.

«Жүйрік паравоз» жарысы N4

Шарты: Әр топтан бір балакедергілер арасына жүгіріп межеге барып қайта қайтып келіп өзімен бірге бір баланы ала кетеді осылайша вогондар болып құралады. Бірінші болып келген топ жеңімпаз атанады

«Кеме» жарысы N5

Шарты: Екі дөңгелек сақина беріледі. Балалар отасына кіріп екі сақинаға кезек-кезек секіру арқылы мәреге жеті керек.





Эстафеталық ойындар.

«Құмнан жасалған тәттілер» №6

Шарты: Команда мүшелері бірлесе отырып, құм салынған балалар алаңқайындағы құмды пішінді ойыншықтарға салу арқылы түрлі бейнелер мен мүсіндерді әсемдеп, безендіріп жасайды.

«Көңілді доптар» №7

Шарты: Команданың үлкен мүшелері түрлі түсті кішкентай екі допты алмастыра лақтырып, қазып алу бойынша кедергілер арасынан өтіп, мәреге дейін барып доптарды мәреге тастап кетіп, қайтып келеді, ал балалары кедергілер арасынан жүгіре өтіп, мәредегі доптарды алып қайтуы керек.





Эстафеталық ойындар.

«Көкөніс отырғызу және жинау» №8

Шарты: «Екі команда бір-бірінің артына сапқа тұрады. Әр команда қарсы 5 «шұңқыр ұя» орналасқан. Алғашқы екі қатысушы шелегіндегі «көкөністерін» сол «шұңқыр ұяларға» салып кетіп 15 м қашықтықта тұрған манежді айналып келіп, қайтарында «шұңқыр ұядағы» көкөністерін жинап ала келеді. Қайтып келісімен шелегін келесі қатысушыға тапсырады. Ең аз уақыт мөлшері бойынша жеңімпаз. Команда құрамы 10 адам. (5 ұл+5 қыз).

Жас батыр. №9

Шарты: Команда құрамында 5 ұл.

Әр қатысушы ағаш атпен шауып барып манеждегі допты резеңке таяқпен ұрып кері қайтады. Ең аз уақыт мөлшері бойынша жеңімпаз анықталады.





Эстафеталық ойындар.

«Кім жылдам» N10

Шарты: Мәре сызығында тұрған ыдысқа суды тасу шелекпен тасу керек. Қай топтың ыдысы суға бірінші толады сол топ жеңіске жетеді.

«Қырықаяқ» N11

Шарты: Әр топ өз ойыншыларының белдерінен ұстап белгіленген жалаушадан айналады, қай команда азытылмай мәре сызығынан бірінші өтсе сол команда жеңіске жетеді.





Эстафеталық ойындар.

«Допты жалғастыр» N12

Шарты: Барлық ойыншы бір қатарға тұрып допты жоғарыдан жалғастырып, соңғы ойыншы аяқтың арасымен алға қарай береді, қай топ допты жоғарыға бірінші көтерсе сол топ жеңіске жетеді. Таза ауада серуен.

«Кім жылдам?» N13

Шарты: Доппен секіріп, жылдам келу.

«Жалауды тез жеткізу»

Шарты: Кеглиді айналып жүріп, жалаушаны 2 – балаға жеткізу





Эстафеталық ойындар.

Кегли №14

Шарты: Тізілген кеглиді кіші доппен соғу арқылы құлатып, ұпай жинайды. Қай команда көп құлатса, сол команда жеңіске жетеді.

Мәреге кім бұрын? №15

Шарты: Мұғалімнің белгісі бойынша секіртпемен секіріп шығып, белгіні айналып секіріп келу керек. Секіріп келген ойыншы секіртпені келесі ойыншыға ұсынып саптың артына тұра береді. Ойынды қай команда бұрын бітірсе, сол жеңіске жетеді.





Эстафеталық ойындар.

Допты себетке салу №16

Шарты: Допты секіртіп барып себетке түсіріп, секіртіп алып қайтадан допты келесі ойыншыға ұсынады. Қай команда допты себетке көп түсірсе, сол команда жеңіске жетеді.

«Кім мерген?» №17

Шарты: Допты көтеріп алып жүріп, қабырғадағы шарды жарып қайтып допты келесі ойыншыға беру.



“Баскетбол”. N18

Керек заттар:

- Әр түрлі кішкене доптар
- пластик шелек немесе

Шарты: Шелекті 1 метрдей қашықтықта орналастырыңыз.

Доптарды кезек-кезек себетке лақтыру. Себетке дәл түскен сайын артқа қарай бір қадам жасаңыз.

«Жүйрік паравоз» жарысы N19

Шарты: Әр топтан бір балакедергілер арасына жүгіріп межеге барып қайта қайтып келіп өзімен бірге бір баланы ала кетеді осылайша вогондар болып құралады. Бірінші болып келген топ жеңімпаз атанады





Эстафеталық ойындар:

«Жүйрік ат» N20

Шарты: Шарды екі аяғына қысып секіру

«Шеңбер» N21

Шарты: бірініші бала допты шеңберге қою,
екінші бала допты алып келу.

«Кім жылдам?» N22

Шарты: Доппен секіріп, жылдам келу.

Жалаушаны жеткіз N23

Ойын шарты: Жалаушаны алып қойылған
кедергілерден өтіп, жалаушаны келесі балаға
береді, бірініші келген топ жеңімпаз болады.



«Ұшқыштар» №24

Ойын шарты: Ойын алаңын төрт бөлікке бөліп, жалаушалар мен белгі қойылады. Жалаушалардың артына балалар қатарға төрт топқа бөлініп тұрады.

Балалар тік ұшақ жүргізушісі болады «Ұшуға дайындал» деген кезде, балалар қолдарын майыстырып ұшуға дайындалып «бж,бж,бж» ете бастайды.

Енді «Ұш!» деген бұйрық берілгенде, қолдарын түзу ұстап ойын алаңын айналып ұшады.

Біраз ұшқаннан кейін «Қонамыз!» деген бұйрық беріледі. Сол кезде ұшқыштар өз орындарына келіп қонады. Қай топ бірінші болып қонғанын тәрбиеші байқайды.





Эстафеталық ойындар.

"Тез адымда" №28

Шарты: себеттен себетке кедергілер арасымен ирелеңдеп жүзгіріп барып себетке доптарды тасу.

«Жүйрік» №29

Шарты: бірінші бала допты шеңберге қою, екінші бала допты жүзгіріп алып келу



Эстафеталық ойындар.

«Шебер» №30

Шарты: бірінші бала допты шеңберге қою, екінші бала допты алып келу.

«Жаңа орын» №31

Шарты: бірінші бала айналып жүгіреді, екінші баланың қолынан ұстап, орындыққа отырғызады.





Эстафеталық ойындар.

«Кім жылдам?» №32

Шарты: Дөппен секіріп,
жылдам келу.

«Жалауды тез жеткізу» №33

Шарты: Кегліді айналып
жүріп, жалаушаны 2 - балаға
жеткізу

«Жүйрік ат» №34

Шарты: Шарды екі аяғына
қысып секіру





Эстафеталық ойындар.

"Шегірткелер" №35

Шарты: Бір бала қос аяқпен кедергілер арасынан секіріп барып, қайтар жолда жүгіріп қайтады. Келесі ойыншы ойынды жалғастырады

"Кім жылдам?" №36

Шарты: Мәреге дейін кім бұрын жүгіріп барады.

"Доппен секіру" №37

Шарты: Үрмелі резеңке доппен секіру.





Эстафеталық ойындар.

«Кедергіден өту» №38

Шарты: Ойыншылар алдарына қатарластырып қойылған гимнастикалық скамейкадан тепе-теңдік сақтап өтіп, доғалдың астымен еңбектеп өтіп белгіленген орыннан айналып қайта кедергіден өтіп келіп, екінші ойыншыға қол садаы. ол ойыншы ойынды жалғастырады.

«Кеглиді доппен құлату» №39

Шарты: 2-3 метр қашықтыққа тігілген кеглиді доппен ұрып құлату. Қай топ барлық кеглиді құлатса сол топ жеңіске жетеді.

